



Ақмола облыстық мәслихаты депутатына кандидаттар үшін үгіт баспа материалдарын орналастыруға Сандықтау ауданында орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 19 қарашадағы N А-11/246 қаулысы. Ақмола облысы Сандықтау ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 26 қарашада N 1-16-84 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 маусымдағы № А-5/165 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2010.06.25 № А-5/165 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына сәйкес Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облыстық мәслихатының депутатына кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға қосымшаға сәйкес Сандықтау ауданында **о р ы н д а р** **б е л г і л е н с і н .**
2. Селолық округтердің әкімдері үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін ақпараттық қалқандарға, қысқа бағаналарға орындар қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы Сандықтау ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>С а н д ы қ т а у</i>	<i>а у д а н ы</i>
	<i>ә к і м і н і ң</i>	<i>м і н д е т і н</i>
<i>атқарушы</i>	<i>В.Горохводский</i>	
		К Е Л І С І Л Д І
	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>а у м а қ т ы қ</i>
	<i>с а й л а у</i>	<i>к о м и с с и я с ы н ы ң</i>
<i>төрағасы</i>	<i>С.Назарович</i>	
<i>"Ақмола</i>	<i>облыстық</i>	<i>мәслихаты</i>
<i>депутатына</i>		<i>кандидаттар</i>
<i>үшін</i>	<i>үгіттік</i>	<i>баспа</i>
<i>материалдарын</i>		<i>орналастыруға</i>
<i>Сандықтау</i>	<i>ауданында</i>	<i>орындар</i>
<i>белгілеу</i>	<i>туралы"</i>	<i>Сандықтау</i>
<i>ауданы</i>		<i>әкімдігінің</i>

Ақмола облыстық мәслихаты депутатына кандидаттар үшін үгіт баспа материалдарын орналастыруға орындар

№	Елді-мекен атауы	Орналасқан орны	Орналастыруға арналған нысанының атауы
1	2	3	4
1	Балкашин селосы	Сандықтау ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы "Балкашин аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнының ауданы, Абылай хан көшесі, 128; "Ақмола облысының мемлекеттік-санитарлық қадағалау басқармасының Сандықтау ауданы бойынша бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ауданы, Смирнов көшесі, 146; "Кооператор" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ауданы, Абылай хан көшесі, 124; Базар ауданы, Некрасов қиылысы, 120	Ақпараттық қалқан Ақпараттық қалқан "Селолық хабарландыру тақтасы" "Селолық хабарландыру тақтасы"
2	Ауданның басқа елді-мекендері	Сандықтау ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы "Балкашин аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнының клубтары, мәдениет үйлерінің аудандары	Ақпараттық қалқан "Селолық хабарландыру тақтасы"